

Ақ халатты абзал жан

Еңбек жолын медицина саласына арнаған мейірбан жан – Қамажай Байбосынова

Әлемде мамандықтың сан түрі бар. Ең қастерлісі – дәрігер мамандығы.

Дәрігер мамандығы кен ұғымды, білімділік пен біліктілікті ғана талап етпей, жүректілікті талап ететін мамандық. Қиындығы мен қызығы қатар жүретін осындай маңызды салаға бар ғұмырын арнаған жандар жетерлік.

19 маусым – Медицина саласының қызметкерлері күні қарсаңында оқырмандарымызды бар ғұмырын денсаулық саласына арнаған жан – Қамажай Байбосыновамен таныстырғанды жөн санадық.

Халық денсаулығының мықты болуы – медицина саласында еңбек етіп жүрген дәрігерлердің қолында екені белгілі. Осы ретте, денсаулық саласында жемісті еңбек етіп, халықтың алғысына бөленген Қамажай Байбосынова Меңдіқара ауданының Қаратал ауылында туып-өскен. Қаратал ауылында балалық шағы өтіп, аталмыш ауылда мектепті тәмамдағаннан кейін арман қуып, Ресей еліне оқуға түседі. Балалық арман мен болашақты ұштастыра білген жас бойжеткен денсаулық саласының маманы болғанын қалаған екен. Сол күннен бері өз мамандығына адал және өз еңбегін абыроймен атқарып, мамандық



Қастерлі мамандық иесі Қамажай Байбосынова

таңдаудан қателеспегенін дәлелдеп келеді.

Ресей елінде алғаш еңбек жолы 1980 жылдары басталған көрінеді. Жат жерде абыройлы қызмет еткенімен, туған елге деген сүйіспеншілігі мен сағынышы басым болып, 1984 жылы кіндік қаны тамған Меңдіқара

ауданына оралып еңбек жолын туған елінде жалғастырған көрінеді.

40 жылдан астам еңбек өтілі бар ақ халатты абзал жан Қамажай апайымыз еңбегіне адал, білімді де, білікті маман. Бүгінде отбасының түтінін түзу ұшырған аяулы жар, асыл ана.

Жолдасы Ақан ағайымызбен 1984 жылы отбасын құрып, сол жылы Введен селолық округіне жұмысқа тұрып денсаулық сақшысына айналды. Талай қиындық пен қызықты бастан кешіріп, тынымсыз еңбек етіп келеді.

Дәрігер мамандығы-

ның қиындықтары көп болғанымен, қызықтары да жетерлік. Ең бастысы адам жанына араша түсіп, адам жанын аурудан айықтыру. Тынымсыз еңбектің арқасында талай жанға көмек көрсетіп, ел алғысын арқалаған біздің кейіпкерімізге ауыл халқы дән риза. Талай жанның денсаулығына араша түсіп, Введен селолық округі тұрғындарының алғысына бөленуде.

Дертіне шипа іздеп алдына келген жанның дертіне дауа тауып, көңіліне сенім ұялату да Қамажай Байбосынованың күнделікті атқарып жүрген жұмысы мен міндеті.

- Дәрігер мамандығының қыр-сырын қанық біліп, анық сол жолды таңдау үшін үлкен жүрек керек. Ақ халатты киіп алу шарт емес, әрбір дәрігер адам өмірінің арашасы екенін білуге тиіс, алдымнан талай науқас өтті. Әр қайсысының дерті, түрлі проблемасы мен мінезі бар. Барлығының көңілін тауып, көмек қолымды созуға тырысудамын. 40 жылдан астам өмірімді медицина саласына арнадым, еш өкінген емеспін. Еңбегіме адалмын және абыроймен атқарудамын,- дейді ел тілегін арқалаған абзал жан.

Жолдасы Ақан ағайымымен өмірдің қызықуанышын бірге көріп, бүгінгі таңда еңбекті де бірге атқарып келеді.

Отағасы жедел жәрдем көлігінің жүргізушісі. Әр кез бір-біріне демеу болып, көпке үлгі көрсетуде. Қос ұлды тәрбиелеп, бүгінде балдай тәтті немерелерінің ата-әжесі атанған көрінеді.

Зейнет жасына жетсе де, Қамажай апайымыз күні бүгін тынымсыз еңбек етуде. Үлкен тәжірибесі мен талай жылғы еңбек өтіліне қарамастан үнемі ізденіс үстінде. Ізденімпаздық пен еңбексүйгіш қасиетінің арқасында елдің алғысына бөленгенін жасырмады.

- Өз жұмысыңды жақсы көріп, еңбектен қашпасаң үлкен нәтижеге қол жеткізесің. Әрине, еңбек жолымда талай қиындықты бастан кешірдім. Дегенмен, ешқашан еңбегіме жауапкершіліксіз қарамадым. Халқым үшін еңбек етіп, туған ауданымда адал қызмет атқарғаным мен үшін үлкен мәртебе,- деді Қамажай Байбосынова.

Мейірімі мен жан жылуы, төзімділігі мен ісіне беріктігі арқылы талай емделушінің дертінен айығуына себепкер бола білген кейіпкеріміздің әлі де атқарар еңбегі орасан. Қиын жұмыста таңнан қара кешке дейін жанына шипа іздеген науқастың қас-қабағын қарап ем-домын жасайтын ақ халаттының мәртебесі мен алар алғысы мол.